

## **Газ және газбен жабдықтау саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 748 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 824 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 ақпанда № 13031 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1. Мыналар:**

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тауарлық газын өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сұйытылған мұнай газын өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес сұйытылған табиғи газын өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес ұлттық операторға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес газ толтыру станцияларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес газ тарату ұйымдарына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес газ тасымалдау ұйымдарына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

14) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес газ толтыру пункттерінің иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

15) осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес автогаз құю станцияларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

16) осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес автогаз толтыру компрессорлық станцияларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

17) осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес топтық резервуарлық қондырғыларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

18) осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес тауарлық газдың өнеркәсіптік тұтынушыларына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

19) осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес сұйытылған мұнай газдың өнеркәсіптік тұтынушыларына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

20) осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға, электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушыларға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы бекітілсін;

21) осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес ірі коммерциялық тұтынушыларға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы бекітілсін;

22) осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2. "Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 30 маусымдағы № 483 және Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 441 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11827 болып тіркелді, 2015 жылғы 3 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ оның алынған күнінен бастап Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
\_\_\_\_\_ В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ С. Айтпаева  
2015 жылғы 24 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Газ және газбен жабдықтау саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы газ және газбен жабдықтау саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес газ және газбен жабдықтау саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленді.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автогаз құю станциясы – сұйытылған мұнай газын сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдары иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

2) автогаз толтыру компрессорлық станциясы – тауарлық газды сұйытуға, сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдарының иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

3) бақылау субъектісі – тауарлық, сұйытылған мұнай, сұйытылған табиғи газ өндірушілер, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар, өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері, ұлттық оператор, газ толтыру станцияларының иелері, газ тасымалдау ұйымдары, газ тарату ұйымдары, газ толтыру пункттерінің иелері, автогаз құю станцияларының иелері, автогаз толтыру компрессорлық станцияларының иелері, топтық резервуарлық қондырғыларының иелері, тауарлық газдың өнеркәсіптік тұтынушылар, сұйытылған мұнай газдың өнеркәсіптік тұтынушылар, өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлар, электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар;

4) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

5) болмашы бұзушылықтар – көзделген есептерді және мәліметтерді ұсынбауға байланысты бұзушылықтар;

6) газ тарату ұйымы – тауарлық газды газ тарату жүйесі арқылы тасымалдауды, газ тарату жүйесін техникалық пайдалануды, сондай-ақ Заңда белгіленген шарттарда тауарлық газды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) газ тасымалдау ұйымы – Заңда белгіленген шарттарда тауарлық газды жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау және (немесе) тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі қызметтерді көрсететін заңды тұлға;

8) газ толтыру пункті – сұйытылған мұнай газын сақтауға, тұрмыстық баллондарға қотару мен құюға, сондай-ақ тұрмыстық баллондарды жөндеуге және кәдеге жаратуға арналған инженерлік құрылысжай;

9) газ толтыру станциясы – сұйытылған мұнай газын сақтауға, теміржол цистерналарына, автогаздарға, тұрмыстық баллондарға қотаруға және құюға, сондай-ақ тұрмыстық баллондарды жөндеуге және кәдеге жаратуға арналған технологиялық өзара байланысты өндірістік және өзге де объектілер кешені;

10) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

11) елеулі бұзушылықтар – есепке алатын бақылау аспаптарының болмауы және газдың көлемін есепке алмау, коммерциялық ұсынысты ұлттық операторға жолдау бойынша талаптарды сақтамау, уәкілетті органның шешімі бойынша газды ұлттық операторға немесе тартылатын инвесторға беру бойынша талаптарды сақтамау, Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасына сәйкес тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін салуды, пайдалануды, жаңғыртуды және (немесе) реконструкциялауды қамтамасыз етпеу, бір ғана жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары мен тауарлық газ қоймаларын екі және одан көп газ тасымалдау ұйымының пайдалануына жол беру, тауарлық газ техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда тауарлық газын тасымалдауға және (немесе) сақтауға жол беру, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы тасымалдануы жоспарланған тауарлық газ көлемдерін сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығынан ұлттық оператордың жазбаша бас тартуын, немесе ұлттық оператордың тасымалдануы жоспарланған тауарлық газ көлемдерін иеліктен шығару туралы коммерциялық ұсынысты алғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін уәкілетті орган келісімі бойынша иеліктен шығару талаптарын сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

12) өндіруші – тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

13) өнеркәсіптік тұтынушы – өнеркәсіп өндірісінде отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін газ сатып алатын заңды тұлға;

14) өнеркәсіптік тұтынушы-инвестор – мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін тауарлық газды сатып алатын және уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген заңды тұлға, сондай-ақ тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын заңды тұлға;

15) өрескел бұзушылықтар – газды және газбен жабдықтау жүйесінің объектілерін сатып алуға мемлекеттің артықшылықты және басым құқығын бұзуына, газды заңсыз өткізуге, тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың тауарлық газды пайдалануда артықшылық құқығын бұзуына, көтерме саудамен өткізу кезінде шекті бағаларды сақтамауына, ішкі нарыққа газды жеткізу жоспарын орындамауына,

сұйытылған мұнай газды және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тасымалдауды жүзеге асыруға тыйым салуды сақтамауына, газды іркіліссіз тасымалдануын, сақталуын және жабдықтауын қамтамасыз етпеуіне байланысты бұзушылықтар;

16) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

17) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

18) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

19) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

20) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметіне, салалық даму ерекшеліктеріне және осы дамуға әсер ететін факторларға байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы

21) топтық резервуарлық қондырғы – ыдыстар тобынан, сақтандыру-бекіту және реттеу арматурасынан, газ құбыржолдарынан тұратын және сұйытылған мұнай газын сақтауға және газ тұтыну жүйелеріне беруге арналған инженерлік құрылысжай;

22) тұтынушы – тұрмыстық, коммуналдық-тұрмыстық, өнеркәсіптік тұтынушы, өнеркәсіптік тұтынушы-инвестор немесе электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушы, ірі коммерциялық тұтынушы, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлға;

23) ұлттық оператор – акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетінің меншік иесі мемлекет не ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық компания немесе Ұлттық

әл-ауқат қоры тобына кіретін компания болып табылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында газ және газбен жабдықтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

24) ірі коммерциялық тұтынушы - өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторды және электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушыны қоспағанда, тауарлық газды өз қызметінде пайдалану үшін сатып алатын, Заңның 8-бабының 4-1-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сай келетін заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.04.2024 № 164 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежесі) жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

6. Тәуекелді айқындау:

- 1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;



2) реттелетін салаға (аяға) келтірілетін зиянның ықтимал теріс салдарларының ауырлық ауқымы;

3) адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүдделеріне қолайсыз жағдайлардың туындау ықтималдығы өлшемшарттарының бірін ескере отырып, жүзеге асырылады.

7. Тауарлық газды өндірушілер, сұйытылған мұнай газын өндірушілер, өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық оператор тәуекел дәрежесінің жоғары субъектілеріне жатады.

8. Газ тасымалдау ұйымдары, газ тарату ұйымдары тәуекел дәрежесінің орташа субъектілеріне жатады.

9. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған газының меншік иелері, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері, сұйытылған табиғи газды өндірушілер, автогаз толтыру компрессорлық станцияларының иелері, газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғыларының және автогаз құю станцияларының иелері, тауарлық газдың өнеркәсіптік тұтынушылары, сұйытылған мұнай газдың өнеркәсіптік тұтынушылары, өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлары, электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылары, ірі коммерциялық тұтынушылары, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалары төмен тәуекел дәрежесінің субъектілеріне жатады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

10. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

11. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

13. Қолда бар ақпарат көздері негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы.

14. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу (R) алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қорытындылау жолымен кейіннен деректер мәндерін 0-ден бастап 100 ұпайға дейінгі диапазонға қалпына келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Рарал = SP + SC, мұнда

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 12-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100 балл теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың қажетті саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың қажетті саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_e + SP_{ш},$$

мұнда:

$SP_T$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_e$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_{ш}$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызуға негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) орташа тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

3) төмен тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ға дейін қоса алғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығына және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығына сүйене отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

$x_i$

– субъективті өлшемшарттар көрсеткіші,

$w_i$

–  $x_i$  субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің үлес салмағы,

$n$  – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Субъектілер (объектілер) бойынша есептелген  $R$  көрсеткіші бойынша мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

$R$  – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{\text{max}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шәкілі бойынша ең жоғары ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{\text{min}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$  – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Газ және газбен жабдықтау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларда келтірілген.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және газ және газбен жабдықтау саласында субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 8 және 9-қосымшаларда келтірілген субъективті өлшемшарттар

бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігін жоғары тәуекел дәрежесіне жататын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау органы ең көбі жылына бір реттен айқындайды.

Алынатын мәліметтер талдауы және көрсеткіштер бойынша бағалау жылына екі рет есепті жылғы бірінші мамырға және бірінші желтоқсанға дейін жүргізіледі.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілген болса, соңғы бару арқылы профилактикалық бақылаудың аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талдау кезеңі болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Газ және газбен жабдықтау  
саласындағы тәуекел дәрежесін  
бағалау өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Тауарлық газды өндірушілерге қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	<p>Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <p>1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;</p> <p>2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;</p> <p>3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін): қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға; әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей</p>	Өрескел

	<p>немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге</p>	
2	Өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтау	Өрескел
3	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын ғана беру жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
4	Есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып тауарлық газды өткізу талаптарын сақтау	Елеулі
5	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар тауарлық газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау	Өрескел
6	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау	Өрескел
7	Тауарлық газды өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың	Болмашы

	жиырмасынан кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	
8	Өндірушілердің уәкілетті органға: 1) тауарлық газды өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей; 2) тауарлық газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

### Сұйытылған мұнай газды өндірушілерге қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын ғана беру жөніндегі талаптарды сақтау	Өрескел
2	Сұйытылған мұнай газын өткізуді есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
3	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар сұйытылған мұнай газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау	Өрескел
4	Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс	Өрескел



	өткізілетін сұйытылған мұнай газын өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау	
5	Өндірушілердің уәкілетті органға сұйытылған мұнай газын өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
6	Сұйытылған мұнай газын өндірушілер уәкілетті органға: 1) меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы; 2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы; 3) сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу; 4) өнім беру жоспарынан тыс сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөнінде ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей беру жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
7	Ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын орындау	Өрескел
8	Сұйытылған мұнай газының өндірістік объектілерін құюдың меншікті эстакадалары арқылы сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 3-қосымша

**Өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	<p>Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <p>1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;</p> <p>2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;</p> <p>3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін): қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға; әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық</p>	Өрескел

	<p>газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге</p>	
2	<p>Өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтау</p>	Өрескел
3	<p>Тауарлық газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар жоспарланған кезең басталғанға дейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде, ұлттық операторға:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемін;</li> <li>2) иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газдың бағасын;</li> <li>3) шикі және (немесе) тауарлық газдың жеткізілу пунктін көрсете отырып, коммерциялық ұсыныс жіберу жөніндегі талаптарды сақтау</li> </ol>	Елеулі
4	<p>Қазақстан Республикасына тиесілі ілеспе газдан тауарлық өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органның шешімі бойынша тараптар келіскен бағамен газ және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік шеңберінде одан әрі пайдалану үшін тауарлық газды ұлттық операторға немесе тартылатын инвесторға беру жөніндегі талаптарды сақтау</p>	Елеулі
5	<p>Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын</p>	

	ғана беру жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
6	Есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып тауарлық газды өткізу талаптарын сақтау	Елеулі
7	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар тауарлық газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау	Өрескел
8	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау	Өрескел
9	Тауарлық газды өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
10	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасымалдауды жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
11	Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
12	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
13	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел

**Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелеріне қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газы ғана берілу жөніндегі талаптарды сақтау	Өрескел
2	Сұйытылған мұнай газын өткізуді есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
3	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар сұйытылған мұнай газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау	Өрескел
4	Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газын өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау	Өрескел
5	Уәкілетті органға сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей беру жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы

6	Тауарлық газының көтерме саудада өткізуді жүзеге асыруға салынған тыйымды сақтау	Өрескел
7	Тауарлық газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыруға салынған тыйымды сақтау	Өрескел
8	Ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын орындау	Өрескел
9	Сұйытылған мұнай газын өндірушілердің өндірістік объектілерін құюдың эстакадалары арқылы сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 5-қосымша

### Ұлттық операторға қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	Тауарлық газдың іркіліссіз тасымалдануын және сақталуын, оның ішінде газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарымен шарттар жасасу арқылы қамтамасыз ету	Өрескел
2	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің технологиялық жұмыс режимін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды қамтамасыз ету	Елеулі
3	Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының аумағында тауарлық газды тасымалдау, сақтау және өткізу, мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде шикі және тауарлық газды сатып алу жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын ұсыну	Болмашы

4	Тауарлық газды тасымалдау режимдерін басқаруды және орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің газ тасымалдау жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету	Елеулі
5	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіндегі тауарлық газды коммерциялық есепке алатын автоматтандырылған жүйені құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Елеулі
6	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне қосылған тұтынушыларды тауарлық газбен іркіліссіз жабдықтауды қамтамасыз ету	Өрескел
7	Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасына сәйкес тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін салуды, пайдалануды, жаңғыртуды және (немесе) реконструкциялауды қамтамасыз ету	Елеулі
8	Ұлттық оператордың немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық операторға тиесілі газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдарының меншігіндегі тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін уәкілетті органмен келісім бойынша иеліктен шығару жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
	Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда: 1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік	

тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;

2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;

3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін):

қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға;

әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге;

4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге

Өрескел

Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық газды

Өрескел



	ғана беру жөніндегі талаптарды сақтау	
11	Есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып тауарлық газды өткізу талаптарын сақтау	Елеулі
12	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау	Өрескел
13	Тауарлық газды өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
14	Уәкілетті органға: 1) тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау және оны тауарлық газ қоймаларында сақтау көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей; 2) мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алынған шикі және тауарлық газдың көлемдері туралы мәліметтерді жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей; 3) Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
15	Тауарлық газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыруға салынған тыйымды сақтау	Өрескел
16	Тауарлық газды тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде оның көлемін есепке алуды жүзеге асыру бойынша талаптарды сақтау	Елеулі
	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды	

17	теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасымалдауды жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
18	Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
19	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
20	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 6-қосымша

### Газ тасымалдау ұйымдарына қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.04.2024 № 164 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	Ұлттық оператордың немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық операторға тиесілі газ тасымалдау ұйымдарының меншігіндегі тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін уәкілетті органмен келісім бойынша иеліктен шығару жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі

Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:

1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;

2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;

3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін):

қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға;

әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге;

4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық

Өрескел

	капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге	
3	Ұлттық операторға тауарлық газды тасымалдау және сақтау көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей ұсыну бойынша талаптарды сақтау	Болмашы
4	Бір ғана жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары мен тауарлық газ қоймаларын екі және одан көп газ тасымалдау ұйымының пайдалануына тыйым салу жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
5	Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету, тек қана, газ тасымалдау ұйымдарымен: 1) ұлттық операторға; 2) тауарлық газды өндірушілерге; 3) өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыларға; 4) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген тауарлық газды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауды жүзеге асыруға ниет білдірген оның иелеріне	Өрескел
	Мына талаптарды сақтау: 1) тауарлық газдың иелеріне магистральдық газ құбырының, тауарлық газ қоймасының немесе газ тарату жүйесінің қуаттарына тең жағдайларда қол жеткізуді ұсыну; 2) уәкілетті органның сұрауы бойынша магистральдық газ құбырында, тауарлық газ қоймасында, газ тарату жүйесінде бос тұрған қуаттардың бар екені	

6	<p>туралы ақпаратты, сондай-ақ оларды пайдалану бағдарламасын ұсыну;</p> <p>3) тауарлық газ иелерін және (немесе) тұтынушыларды тауарлық газды тасымалдау, сақтау және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі міндеттемелерді орындауға әсер ететін жоспарланған жөндеу және профилактикалық жұмыстар туралы хабардар ету</p>	Өрескел
7	<p>Мына жағдайларда тауарлық газын тасымалдаудан және (немесе) сақтаудан бас тарту жөніндегі талаптарды орындау:</p> <p>1) тауарлық газ техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келмеген;</p> <p>2) жер қойнауын пайдаланушы тасымалдануы жоспарланған тауарлық газ көлемдерін сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығынан ұлттық оператордың жазбаша бас тартуын не жер қойнауын пайдаланушы газ тасымалдау ұйымына жүгінгенге дейін бір ай бұрын ұлттық оператордың тасымалдануы жоспарланған тауарлық газ көлемдерін иеліктен шығару туралы коммерциялық ұсынысты алғанын растайтын құжаттарды ұсынбағанда</p>	Елеулі
8	<p>Магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын тауарлық газ көлемін есепке алуды газ тасымалдау ұйымы газ өлшеу станцияларында тауарлық газды қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған тауарлық газды есепке алу аспаптары бойынша деректерді ұдайы растай отырып, газды есепке алу аспаптары арқылы жүргізеді және газ тасымалдау ұйымдары тасымалданатын тауарлық газдың көлемін есепке алу жөніндегі деректердің ұлттық операторға беру жөніндегі талаптарды сақтау</p>	Елеулі
	Газ тарату жүйесіне қосылған тұтынушыларды тауарлық газбен	

ірікіссіз жабдықтау бойынша талаптарын сақтау, мыналарды қоспағанда:

- 1) тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік қағидаларын бұзған;
- 2) газбен жабдықтау жүйелерінің объектілері техникалық жарамсыз болған;
- 3) тұтынушы газ жабдығын өз бетінше қосқан;
- 4) газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымының өкілдері немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесі газ құбырларына, газ жабдығына және есепке алу аспаптарына жіберілмеген;
- 5) тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес жеткізіліп берілген тауарлық немесе сұйытылған мұнай газы үшін дебиторлық берешек болған;
- 6) электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылардың халықты, заңды тұлғаларды, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды энергиямен жабдықтау үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі; ірі коммерциялық тұтынушылардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын, сондай-ақ халық пен заңды тұлғалар үшін жылу және (немесе) электр энергиясын және басқа да тауарларды өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі; цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті және өзге де қызметті жүзеге асыруға тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі; электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын

	өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі; тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын өткізу көлемін бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі міндеттемелері көзделген бөлігінде тауарлық газды бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі шарт талаптарының бұзылуы.	
10	Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
11	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
12	Тауарлық газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
13	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасымалдауға салынған тыйымды сақтау	Өрескел
14	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
7-қосымша

## Газ тарату ұйымдарына қатысты талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.04.2024 № 164 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

№ р/н	Талаптар	Бұзылу дәрежесі
1	<p>Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <p>1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;</p> <p>2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;</p> <p>3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін): қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға;</p> <p>әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде</p>	Өрескел



	<p>тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге</p>	
2	<p>Жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген және өздеріне тиесілі тауарлық газды сатып алуға мемлекеттік артықшылықты құқығын сақтау, мыналардан басқасы:</p> <p>1) газ және (немесе) газ конденсаты кен орындарында өндірілетін шикі газды;</p> <p>2) газ және (немесе) газ конденсаты кен орындарында өндірілетін шикі газдан өндірілген тауарлық газды;</p> <p>3) сұйытылған табиғи газды және оны қайтадан газға айналдыру процесінде алынған тауарлық газды;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өткізілетін шикі газды;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газды;</p> <p>6) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан</p>	Өрескел

	<p>Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген тауарлық газды;</p> <p>7) газ және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік шеңберінде жасалатын шарттың негізінде өндірілген тауарлық газды;</p> <p>8) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндіріп алған (өндірген) шикі және (немесе) тауарлық газ</p>	
3	Тауарлық және (немесе) сұйытылған табиғи газды өткізуді есепке алудың бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
4	Тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың тауарлық газды пайдалануда артықшылық құқығын сақтау	Өрескел
	<p>Газ тарату жүйесіне қосылған тұтынушыларды тауарлық газбен іркіліссіз жабдықтау бойынша талаптарын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <p>1) тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік қағидаларын бұзған;</p> <p>2) газбен жабдықтау жүйелерінің объектілері техникалық жарамсыз болған;</p> <p>3) тұтынушы газ жабдығын өз бетінше қосқан;</p> <p>4) газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымының өкілдері немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесі газ құбырларына, газ жабдығына және есепке алу аспаптарына жіберілмеген;</p> <p>5) тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес жеткізіліп берілген тауарлық немесе сұйытылған мұнай газы үшін дебиторлық берешек болған;</p> <p>6) электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылардың халықты, заңды тұлғаларды, цифрлық майнингті</p>	

5	<p>жүзеге асыратын тұлғаларды энергиямен жабдықтау үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;</p> <p>ірі коммерциялық тұтынушылардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын, сондай-ақ халық пен заңды тұлғалар үшін жылу және (немесе) электр энергиясын және басқа да тауарларды өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;</p> <p>цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті және өзге де қызметті жүзеге асыруға тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;</p> <p>электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;</p> <p>тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын өткізу көлемін бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі міндеттемелері көзделген бөлігінде тауарлық газды бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі шарт талаптарының бұзылуы.</p>	Өрескел
6	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізуде белгіленген шекті бағаларды сақтау	Өрескел
7	Тауарлық газды өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың	Болмашы

	жиырмасынан кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	
8	Ұлттық операторға тауарлық газды тасымалдау және сақтау көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Болмашы
9	Мына талаптарды сақтау: 1) тауарлық газдың иелеріне магистральдық газ құбырының, тауарлық газ қоймасының немесе газ тарату жүйесінің қуаттарына тең жағдайларда қол жеткізуді ұсыну; 2) уәкілетті органның сұрауы бойынша магистральдық газ құбырында, тауарлық газ қоймасында, газ тарату жүйесінде бос тұрған қуаттардың бар екені туралы ақпаратты, сондай-ақ оларды пайдалану бағдарламасын ұсыну; 3) тауарлық газ иелерін және (немесе) тұтынушыларды тауарлық газды тасымалдау, сақтау және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі міндеттемелерді орындауға әсер ететін жоспарланған жөндеу және профилактикалық жұмыстар туралы хабардар ету	Өрескел
10	Тауарлық газды автогаз толтыру компрессорлық станциялардың иелері мен (немесе) ұлттық операторға ғана көтерме өткізуді қоспағанда, тыйым салу талаптарын сақтау	Өрескел
11	Тауарлық газдың көлемін есепке алуды есепке алатын аспаптардың болуы және өткізілетін тауарлық газдың көлемін есепке алу жөніндегі деректерді ұлттық операторға беруді қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі
12	Ұлттық оператордың немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық операторға тиесілі газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдарының меншігіндегі тауарлық газбен	Елеулі

	жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін уәкілетті органмен келісім бойынша иеліктен шығару жөніндегі талаптарды сақтау	
13	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасымалдауға салынған тыйымды сақтау	Өрескел
14	Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
15	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел
16	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыру жөнінде салынған тыйымды сақтау	Өрескел

Газ және газбен жабдықтау  
саласындағы тәуекел  
дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
8-қосымша

### Сұйытылған мұнай газды өндірушілерге қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесі

Ескерту. Өлшемшарттары 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/н	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	субъективті өлшемшарттар көрсеткіші бойынша деректер көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), w <sub>i</sub>	Шарттар / мөндер, x <sub>i</sub>	
				1 шарты /мәні	2 шарты /мәні
1	2	3	4	5	6
				0	1 бұзушылық

1	Газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органмен қалыптастырылған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын орындамау	мәліметтерді және есептерді мониторингілеу нәтижелері	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, профилактикалық бақылау тізіміне енгізу	0 %	100 %
---	---	---	---	-----	-------

Газ және газбен жабдықтау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 9-қосымша

**Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелеріне қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесі**

**Ескерту. Өлшемшарттары 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 13.06.2023 № 222 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

№ р/н	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	субъективті өлшемшарттар көрсеткіші бойынша деректер көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар / мәндер, хі	
				1 шарты /мәні	2 шарты /мәні
1	2	3	4	5	6
	Газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органмен қалыптастырылған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу	мәліметтерді және есептерді	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, профилактикалық	0	1 бұзушылық
					100 %

1	жоспарын орындамау	мониторингілеу нәтижелері	қ бақылау тізіміне енгізу	0 %	
---	--------------------	---------------------------	---------------------------	-----	--

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

### Тауарлық газ өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 23.11.2018 № 454 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.11.2018 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді

1	2	3	4
1	<p>Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;</li> <li>2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;</li> <li>3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері-заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін): қатысу үлесінің ( акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық</li> </ol>		



	<p>газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға;</p> <p>әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге ;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі-заңды тұлғадағы акцияларды ( қатысу үлестерін) беруге</p>		
2	<p>Өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтау</p>		
3	<p>Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда , тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын ғана беру талаптарын сақтау.</p>		

4	Есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып тауарлық газды өткізу талаптарын сақтау		
5	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар тауарлық газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау		
6	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау		
7	Тауарлық газды өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау		
8	Өндірушілердің уәкілетті органға: 1) тауарлық газды өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей; 2) тауарлық газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну талабын сақтау		

Лауазымды адам (-дар)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

**Сұйытылған мұнай газын өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 23.11.2018 № 454 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.11.2018 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.08.2024 № 302 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.09.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын ғана беру талаптарын сақтау		
2	Сұйытылған мұнай газын өткізуді есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау		
3	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар сұйытылған мұнай газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау		
4	Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газын өткізудің белгіленген шекті бағаларын сақтау		
5	Өндірушілердің уәкілетті органға сұйытылған мұнай газын өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау		
	Сұйытылған мұнай газын өндірушілер уәкілетті органға:		

6	<p>1) меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы;</p> <p>2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы;</p> <p>3) сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі;</p> <p>4) өнім беру жоспарынан тыс сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөнінде ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей беру жөніндегі талаптарды сақтау</p>		
7	Ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын орындау		
8	Сұйытылған мұнай газының өндірістік объектілерін құюдың меншікті эстакадалары арқылы сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу жөніндегі талаптарды сақтау		

Лауазымды адам (-дар)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

2015 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 748 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 824 бірлескен бұйрығына

4-қосымша

**Сұйытылған табиғи газын өндірушілерге қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 23.11.2018 № 454 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.11.2018 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі шикі газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтау		
2	Есепке алатын бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып сұйытылған табиғи газды өткізуді талаптарын сақтау		

3	<p>Өндірушілердің уәкілетті органға:</p> <p>1) сұйытылған табиғи газды өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей;</p> <p>2) сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну жөніндегі талаптарын сақтау</p>		
4	<p>Уәкілетті органға сұйытылған табиғи газды , оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған табиғи газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау</p>		

Лауазымды адам (-дар)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

**Өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері  
болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты газ және газбен жабдықтау  
саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 23.11.2018 № 454 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.11.2018 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 383 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 99 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі		



объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:

1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың және өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;

2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;

3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері-заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін):

қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға; әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға

	<p>тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге ;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі-заңды тұлғадағы акцияларды ( қатысу үлестерін) беруге</p>		
